


АЛАШТЫҢ АРДАҚТЫ АЗАМАТЫ

Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан ғалым-этнограф Ақселеу Сейдімбек туралы айтқанда, оның ұлт руханиятын ұлықтаған ұлы тұлғасы еске түседі.

Мектеп қабырғасында жүргенде Ақселеу ағамыздың қаламынан қара сөзбен өрнектеліп шыққан қазақ эпостарын сүйсіне оқыдық. Кеңес кезінде айтуға тыйым салынып, ұмыттырылған қазақ халқының бай мұрасын паш ететін «Күңгір-хүңгір күмбездер» кітабы ұлтымыздың өзіне тән ерекшелігі бар екенін санамызда қайта жаңғыртты. Есейген кезімізде көгілдір экраннан көрсетілген ән-сұхбаттары өзіндік ерекшелігімен еліктіріп әкетті. Әуезовті әдебиеттегі әкесіндей көрген жазушының өнер туралы жазылған тамаша туындыларымен таңдай қағып тамсана таныстық. Қарымы бөлек қаламгер, білікті әдебиетші, танымы мол тарихшының «Мың бір маржан», «Күй шежіресі», «Қазақ халқының күй өнері», «Даланың ауызша тарихы» сияқты терең де мағыналы зерттеу еңбектерін күнделікті сабағымызда терең пайдаланып, халыққа түсінікті жазылған жатық тілімен баяндап та бердік.

Бұлардың барлығынан біз Ақселеу Сейдімбектің туған халқының рухани құндылығын, өресі биік өнері мен өнегелі салтын дәріптеген зерек ойлы ғалым екенін, ұлт руханиятының үлкен жанашыры әрі шынайы жоқтаушысы екенін сезіндік.

Ақселеу Сейдімбек - ұлтымыздың ұмытқанын, жұртымыздың жоғалтқанын, халқымыздың көзден таса еткен дүниелерін маңдай терін ағызып, көзінің майын тамызып, ғұмыр бойына тірнектеп жинады. Бар ғұмырында өзінің энциклопедиялық білімі мен табиғи зеректігін ұлтының ұпайы мен жоқ-жітігін түгендеуге жұмсады. Ғасырлар қойнауында ұмыт қалып, жадымыздан жылыстап бара жатқан жыр-дастандарды, күйлер мен басқа да құнды мұраларымызды зерттеп-зерделеп, келер ұрпақтың қолына ұстатты.



www.ademi-ai.kz

Қазақ ауыз әдебиетінің, салт-дәстүрінің, күй өнерінің энциклопедиясы атанған Ақселеу Сейдімбек әр сөзімен, әр ісімен егемен еліміздің ертеңі үшін елеңдеп, ұлтымыздың мәдени-рухани әлемінде өзіндік өшпес қолтаңбасын қалдырды. Ғасырларда есесі кеткен елінің өнерін өрнектеп, тарихын түгендеп, дәстүрлерін дәуірлеткен Ақселеу Сейдімбектің өлмес, өшпес мұрасы келешек ұрпақтың да көкірегінің көзін ашуға үлкен үлес қосатыны сөзсіз. Оның өнегелі өмірін әрқашан да үлгі тұтып, ұлтымыздың рухын көтеретін еңбектерін келешек ұрпақты тәрбиелеуде кеңінен пайдалана бермекпіз.

ҚАНАТ ҚАЙЫРБАЙ
№173 физика-математика
гимназиясының мұғалімі,
Алматы қаласы